

"Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 7 ақпандағы N 37 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қаулысы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті 1997 жылғы 28 шілде N 381. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 тамызда тіркелді. Тіркеу N 49. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2000 жылғы 25 тамыздағы N 195 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысын іске асыру және аукциондарда мемлекеттік акция пакеттерін сату процесін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 7 ақпандағы N 37 қаулысының Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 134 және 1997 жылғы 12 ақпандағы N 79 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бекітілген, аукциондарда мемлекеттік акция пакеттерін сату туралы Ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1.1-баптағы 1.1.4-тармағы алынып тасталсын, 1.1.5, 1.1.6, 1.1.7, 1.1.8, 1.1.9, 1.1.10, 1.1.11, 1.1.12, 1.1.13, 1.1.14, 1.1.15-тармақтар тиесінше 1.1.4, 1.1.5, 1.1.6, 1.1.7, 1.1.8, 1.1.9, 1.1.10, 1.1.11, 1.1.12, 1.1.13, 1.1.14-тармақтары болып саналсын;

2) 1.2-бабы мынадай мазмұндағы 1.2.2-тармақпен толықтырылсын:
"1.2.2. АҚ мемлекеттік акция пакеттері аукционға бір лотпен тұтаспай қойылады және оны сату ағылшындық сауда әдісі бойынша іске асырылады. Мемлекеттік акция пакеттерінің аукционға екінші және одан кейінгі шығарылу кезінде АҚ жарғылық қорынан 10%-тен артық емес лотты құрайтын лотқа бөлінеді және сату голландтық сауда әдісі бойынша іске асырылады.

1.2.2., 1.1.3-тармақтары тиесінше 1.1.3, 1.1.4-тармақтары болып саналсын;

3) 3.2 - бабындағы:

"Аукционшы әр лот бойынша сауда басталар алдында лот бойынша саудаға қатысушылардың санын тіркейді. Егер лот бойынша саудаға қатысушылардың саны екеуден кем болса сауда жасалмаған болып жарияланады, лот тек жалғыз

қатысушыға сатылуы мүмкін үшінші және одан кейінгі саудалардан басқа жағдайларда" сөз алынып тасталсын;

4) 3.3.1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер кемі екі қатысушы лоттың бастапқы бағасын бағаны екі қадамнан кем емес артылған жағдайда ғана лот бойынша сауда жасалған болып саналады";

5) 3.3.2-тармағы екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Егер оның өткізілу сәтіне дейін пайдаланылмаған кепілдік жарнасы бар тек бір ғана тіркелген қатысушы қалса, лот тек жалғыз қатысушыға сатылуы мүмкін үшінші және одан кейінгі саудалардан басқа жағдайларда лот бойынша сауда жасалмаған болып саналады".

Департамент директоры